

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЛТТЫҚ ТЕСТИЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

# ЖАДЫНАМА

Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыратын  
орта білім беру үйымдарының ағымдағы  
жылғы бітірушілері үшін

АСТАНА  
2019 ЖЫЛ



"Ұлттық бірыңгай тестілеу (ҰБТ) - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны"

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

Әтініш қабылдау мерзімі  
1 сәуір мен 10 мамыр  
аралығы

ҰБТ өткізу мерзімі  
20 маусым мен 5 шілде  
аралығы

ҰБТ-ға қатысуға әтініш беру үшін мектеп бітіруші Ұлттық бірыңгай тестілеуді өткізу пунктіне (ҰБТӨП) баруы қажет.



Мектептердің бекітілген ҰБТӨП-тері және олардың мекен-жайлары туралы ақпаратты Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан білуге болады (<https://testcenter.kz>).



## ҰБТ-ға қатысу үшін бітіруші келесі құжаттарды ҰБТӘП-ке тапсыру қажет:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш (алдын ала онлайн-өтініш беру мүмкіндігі бар);
  - 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі екі фотосурет;
  - 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.
- Бұл ретте жасы 16-ға толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ адамдар туу туралы куәлігінің көшірмесін тапсырады;
- 4) белгіленген үлгідегі өзі білім алатын орта білім беру үйімінің екі данадағы анықтамасы (бір данасы тестіленушіге қалады).

**Құжаттар қабылдағаннан және өтініш базаға енгізілгеннен кейін тестіленушіге:**



- 1) құжаттар қабылданғаны жөнінде анықтама;
- 2) тестілеуге рұқсаттама беріледі.

**Деректер базаға енгізілгеннен кейін тестіленуші тегі, аты, әкесінің атын (Т.А.Ә.) мұқият тексеруі қажет, себебі бұл мәліметтер сертификатта көрсетіледі және жеке куәліктегі деректерге сәйкес келуі тиіс.**

**Назар аударыңыз!**

**Бітіруші құжаттарды қатаң түрде мектеп бекітілген ҰБТӘП-ке тапсырады**



Тестілеуге кіру үшін өзімен бірге:

1. Жеке куәлік (жоқ болған жағдайда мектептен анықтама және туу туралы куәлікті ұсыну қажет);
2. Тестілеуге рұқсаттама;
3. Қара немесе көк түсті қалам болуы керек.

# ЖҰМЫС РЕТИНГІ

**1** Жауап парагының қызметтік секторларын МҰҚИЯТ толтырыңыз

**2** Кітап баспасының бүтіндігін, толықтығын және сапасын тексеріңіз

**3** Тест тапсырмаларын орындап, жауап парагын толтырыңыз

**4** Жауап парагын және кітапшаны аудитория кезекшісіне тапсырыңыз



## ҰБТ өткізу кезінде оқуға тұсушіге:

 Министрлік өкілінің рұқсатының және дәліз кезекшісінің ілесіп жүруінсіз аудиториядан шығуға;

 Әңгімелесуге, орын ауыстыруға, тестілеу материалдарымен алмасуға, аудиториядан тестілеу материалдарын шығаруға;

 Ұялы байланыс құралдарын және басқа да электрондық құрылғыларды пайдалануға;

 Тестілеу материалдарын (жауап парақтарын және кітапшаларын) умаждау арқылы бұлдіруге;

 Түзетуші сұйықтықты пайдалану арқылы қарастырылмаған секторларды бояуға (жауап парагының нөмірі) жол берілмейді.

 Тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін тестілеу материалдарын кезекшіге тапсыру қажет, уақыт өткеннен кейін материал қабылданбайды.

 Оқуға тұсушілер аудиторияда тәртіп ережелерін бұзған жағдайда тестілеу нәтижелері өндөлмейді және жойылады.



## Түсушілер ҰБТ-ны қалауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде тапсырады

### Міндепті пәндер:

- Қазақстан тарихы
- Оқу сауаттылығы
- Математикалық сауаттылық

Берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты тандауды талап етеді.  
Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны - 20



Шығармашылық дайындықты талап ететін түсуші тұлғалар Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша тест тапсырады.

### Бейіндік пәндер

- Бірінші бейіндік пән
- Екінші бейіндік пән

1-20 аралығындағы тест тапсырмаларында берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты, 21-30 аралығындағы тест тапсырмалары бойынша бір немесе бірнеше дұрыс жауапты (3-тен артық емес) тандау талап етіледі.  
Әрбір бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының саны - 30.

Шет тілі (ағылшын) бойынша тест тапсырғандығы туралы халықаралық сертификаттары бар адамдар қалауы бойынша "Ағылшын тілі" бейіндік пәні бойынша тестілеу тапсырудан босатылады.

**IELTS (АЙЛТС), шекті балл - 6.0 баллдан кем емес**

**TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – шекті балл - 310 баллдан кем емес**

**TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙБИТИ) – шекті балл - 79 баллдан кем емес**

**Тест тапсырғандығы туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға 40 балл есептеледі.**



# ҰБТ нәтижелерін мемлекеттік комиссия оны өткізген күні жариялады

Тестілеуді өткізу орны бойынша ақпараттық стендке ілінеді.

Сондай-ақ тестілеу нәтижесімен [www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz) сайтынан танысуға болады.  
(Тестіленушінің ТЖК және ЖСН енгізу арқылы)

Нәтижелермен келіспеген жағдайда тестіленуші апелляцияға бере алады.



Апелляцияға өтініш ҰБТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күнтізбелік күн ішінде қарайды.

### **Апелляция мынадай жағдайларда қарастырылады:**

#### **Мазмұны бойынша:**

- 1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);
- 2) дұрыс жауап болмаса;
- 3) берілген барлық жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);
- 4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;
- 5) тест тапсырмасы шартының фрагменті (матін, сызба, суреттер, кестелер) табылмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда.

#### **Техникалық себеп бойынша:**

- 1) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер екі және одан көп дөңгелекше ретінде оқыса;
- 2) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер бос дөңгелекше ретінде оқыса;
- 3) жауап парагында ақау болғанда.




**Оқуға түсушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты және тестілеуге рұқсаттамасы болуы қажет**



## ҰБТ-ға қатыспаған және шекті балл жинамаған тұлғалар:

### 1) тамыз айында ҰБТ тапсыра алады;



### 2) ЖОО-ға 1 (бірінші) академиялық кезең аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдана алады.

ЖОО-да білім алушың 1 (бірінші) академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін бұл адамдар ҰБТ-ны қайта тапсырады.

ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау	ҰБТ өткізу
1 және 15 желтоқсан аралығы	15 және 20 қантар аралығы

Тестілеу ақылы негізде өткізіледі, тестілеу құны - 2242 теңге.

Төлемді Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің барлық кассаларында жүргізуге болады.

Сондай-ақ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ терминалдары арқылы ақы төлеуге болады.



Конкурсқа өтініштерді  
қабылдау мерзімі

10 мен 20 шілде аралығы

Конкурсты өткізу мерзімі

21 мен 31 шілде аралығы



**Жоғары білімнің білім беру грантын беруге  
арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші  
қабылдау комиссиясына:**

- 1) белгілентен үлгідегі бланкіде өтінішті;
- 2) білімі туралы құжатты (төлнүсқа);
- 3) ҰБТ сертификатын;
- 4) 088-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы;
- 5) жеке басын куаландыратын құжаттың көшірмесін;
- 6) IELTS, TOEFL ITP, TOEFL IBT халықаралық сертификатын (бар болған жағдайда) тапсырады.

Конкурс өткізілген кезде балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

1) "Алтын белгі" белгісімен маралатталған тұлғалар;  
2) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен маралатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен маралатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиадалардың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен маралатталған) жеңімпаздары;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру үйімдарында оқуға қарсы айғақтары жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар тұлғалар.



**Дайындық бағыттарының жаңа жіктеуішін енгізуге  
байланысты гранттар білім беру бағдарламаларының  
топтарына бөлінеді.**

Мысал:

**Инженерлік, өндегу және  
құрылым салалары**  
(Білім саласы)

**Инженерия және  
инженерлік іс**  
(Даярлау бағыты)

**Сәулет және құрылым**  
(Даярлау бағыты)

Білім беру бағдарламаларының  
топтары

Білім беру бағдарламаларының  
топтары

**Химиялық  
инженерия және  
процесстер**

**Материалтану және  
технологиялар**

**Электр  
Техникасы және  
энергетика**

**Сәулет**

**Кадастр және жерге  
орналастыру**

Кын балаптын мегалл  
емес және силикатты  
материалдардың  
химиялық технологиясы

Органикалық заттардың  
химиялық технологиясы

Бейорганикалық  
заттардың химиялық  
технологиясы

Материалтану және жаңа  
материалдар  
технологиясы

Жылу энергетикасы

Электр энергетикасы

Сәулет

Кадастр

Жерге орналастыру

ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жіктеуіші бойынша  
мамандықтар (2009 ж.)

Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда окуға түсуші **бір білім  
саласының** ішінде білім беру бағдарламаларының төрт тобына  
дейін көрсете алады.



## Жоғары оқу орындарына (ЖОО) түсү және жоғары білімнің білім беру гранттарын беруге арналған конкурсқа қатысу ҰБТ нәтижесі бойынша:

- Ұлттық жоғары оқу орындарына – кемінде 65 балл;
- "Педагогикалық ғылымдар", "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 60 балл
- басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл;
- "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша – кемінде 65 балл

Оның ішінде шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда, Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқыту тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл жинау қажет.





## Шығармашылық емтихандар

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау одан әрі оқыту жоспарланып отырған жоғары оқу орнында жүзеге асырылады.

Бұл ретте баллдар ескеріледі:

1. Қазақстан Тарихы;
2. Оқу сауаттылығы.



Екі шығармашылық емтихан.

Әр шығармашылық емтихан бойынша максималды балл - 40 балл.

**Шығармашылық емтихан  
тапсыру үшін өтініштер қабылдау**

**20 маусым мен 7 шілдеге  
аралығы**

**Шығармашылық  
емтиханнның өтуі**

**8 мен 13 шілде аралығы**

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына түсушілер білім беру бағдарламаларының бір тобы бойынша білім беру грантын беру конкурсына қатысады және шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-ны өтінішінде көрсетеді.

## Арнайы емтихандар

**Педагогикалық ғылымдар**

**20 маусымнан 14 тамыз  
аралығы**

**жоғары оқу орындарында**

**Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
қамтамасыз ету (медицина)**

**Қабылдау және өткізу**

**1 сәуірден 15 маусым  
аралығы**

**ҚР Барлық медициналық  
ЖООларда**

**Келесі критерийлер бойынша бағаланады:**

**Жіберілді (Допуск)**

**Жіберілмеді (Недопуск)**



**Студенттерді ЖОО-ға қабылдауды  
ЖОО-ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы  
10 - 25 тамыз аралығында өткізеді.**

## **Оқуға түсушілер ЖОО-ның қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге:**

- 1) жалпы орта білім туралы құжаттын (төлнүсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
- 3) 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 4) ҰБТ сертификатын;
- 5) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 6) білім беру грантын тағайындау туралы күелікті (бар болса);
- 7) IELTS, TOEFL ITP, TOEFL IBT халықаралық сертификатын (бар болса) қоса береді.

